



Базар жырау – 180 жыл

Туған жеріміз – Тауелібайды әрбір жүрегі бар адам ұмытпақ емес, ұмыта алмаймыз да. Ол жақта болып жатқан әрбір жақсы жаңалықты қалт жібермей есітіп, әлеуметтік желіден қарап, қуанып отырамыз. Тамдыдан осындай тағы бір жақсы жаңалық жетті. Елдің тойы - біздің де қуанышымыз. Осы күз айында әуелі Қызылордада, одан кейін Теміртауда аталып өткен Базар жырау Оңдасұлының 180 жылдық мерейтойының жалғасы ретінде жыраудың мәңгілікке тыныс тапқан жері Тамдыда да шағын түрде аталып өтіпті. Біз де өз тапанымыздан аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Нұрмұрзаұлы Бекназаровқа хабарласып, жыр дүлдiлінің мерейтойын атаусыз қалдырмау туралы өтінішімізді айтып, қолқа салғанбыз. Лауазымды тұлғадан алдағы жазда Базар жыраудың тойы дүркіреп өтеді деген жақсы хабарды есітіп, көңілімізді одан әрі көтеріп тастады...

Өткен аптаның сенбісі, 20-қараша күні Тамды аудандық мәдениет үйінде аудан әкімшілігінің ұйымдастыруымен Базар жырау Оңдасұлының туғанына 180 жыл толуына орай Тамды аудандық халыққа білім беру бөліміне қарасты жалпы білім беру мектеп оқушылары арасында терме-толғау сайысы өте жоғары деңгейде өткізілді. Сайысты мәдениет үйі қызметкері Жамбыл Аймаханов жүргізіп отырды. Сайысқа жалпысы 14 оқушы қатынасты. Сайысты аудан әкімінің орынбасары Н.Н.Бекназаров ашып, жыр дүлдiлінің өмірі мен өнері жайында қысқаша баяндама жасады. Әділқазылар алқасы құрамындағы аудан әкімінің орынбасары

Н.Бекназаров, жырау-термеші Ж.Жүсіпов, мәдениет үйінің меңгерушісі Ж.Өтемір-товалар тарапынан оқушылардың өнері әділ бағаланды. Өнерпаз оқушылар Базар жырау бабасының терме-жырларын, толғауларын



орындап, көрермен қауымның құлақ құрышын қандырды. Жыраудың өсиетке, ғибратқа толы, насихат жырлары ешкімді бейжай қалдырмады.

Сайыс соңында аудан әкімінің арнайы

алғыс хатымен 1-мектептің 8-сынып оқушысы Өзбекшеев Мейрімжан Ғалымжанұлы, 3-мектептің 8-сынып оқушысы Қалыбаев Нұржас Қайырғалиұлы, 8-мектептің 11-сынып оқушысы Тұрғанбаева Аружан

қызы, 15-мектептің 9-сынып оқушысы Қайырбаев Аркен Диасұлы, 11-мектептің 9-сынып оқушысы Артықова Әсем Ұлықбекқы марапатталды. Ынталандыру сыйлығына 10-мектептің 9-сынып оқушысы Күлістанов Альберт Сафуанұлы, 13-мектептің 8-сынып оқушысы Ғалиев Ұлықпан Музаффарович, 16-мектеп оқушысы Оралбаев Әділет Жаңабаұлы ие болды.

Үшінші орынды иелеген 7-мектеп оқушысы Егембергенова Шынар Бердіғалиқызына ІІІ-дәрежелі диплом және ұялы телефон, екінші орынға ие болған 9-мектеп оқушысы Кадиров Нұрсұлтан Бірлікұлына ІІ-дәрежелі диплом және планшет, өнер бәйгесінде оза шауып, бірінші орынды жеңіп алған 6-мектеп оқушысы Жандұлаева Мереке Нағашыбайқызы І-дәрежелі диплом және ноутбук компьютері табыс-талды.

Бұл күнгі сайысқа мектеп оқушыларынан елуге жуық талапкер қатынасуға тілек білдірген еді. Үміткерлердің санын шектеу мақсатында мектептерде сайыс өткеріліп, саралану тапсырмасы беріліп, ең үздіктері аудан басқшына жолдама алған. Өнер сайысын қорытындылаған әділқазылар алқасының мүшесі, жыршы және музыкант Жүсіпов Жалғас аталары оқушыларға бұдан да биік белестерден көріне берулеріне өз тілегін білдіріп, ақ батасын берді.

Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ,

Суреттерде: сайыстан көріністер.

ТАҒЫ ДА ҚАРАЛЫ ДАСТАРҚАН ТУРАЛЫ...

Жуықта қала мешітінің асханасында өткен құдайы аста мешіттің имамы Дәуіт Сейтқалиұлы Қожахметов жиналған көпшіліктің алдында сөз сөйлеп, қаралы дастарқанға қойылған тағамдар туралы және осы кезге дейін ұстанып келген бұрынғы әдетімізден жаңылғанымыз туралы айтып, өте жақсы ой-пікірін, діни уағызы мен қазақи салт-дәстүріміз жайындағы атабабадан келе жатқан үлгі-өнегені ортаға салды. Дастарқанға қойылған дәмдердің арасынан өте қымбат болса да, бір ауыз желінбей қалатын тағамдарды қолмен ұстап, көзге шұқығандай көрсетті. Бұндай дастарқанның дарақалық, бос шығын, қала берді ысырап екендігі айпаса да түсінікті еді. Айтылған уағыз бен орынды ұсынысты жиналғандар дерлік қолдады десем қателеспеймін. Сондықтан да, төмендегі мақаланы қала тұрғындарына және жалпы қазақ қауымына арнауды жөн көрдім.

Приозерск қаласындағы ісі қазақ қандастарымыздың бірге өмір сүріп, тіршілік етіп келе жатқанына да отыз жылға таяп қалды. Менің осы қаланың тұрақты тұрғыны болғаным 26 жылдан асып барады. Еліміздің түкпір-түкпірінен, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Монғолия мен Қытайдан көшіп келіп, осы қаланы жайлы мекен еткен бауырларымыз жершілдікке бөлінбей, бір жағадан бас, бір женнен қол шығарып, қаламыздың өсіп-өркендеуіне, гүлдене түсуі мен дамуына қосып жүрген үлесін үнемі мақтанышымен айтып жүреміз. Біз қаладағы өзге этностар өкілдерін де жатсынбай, ауызбіршілікпен, татулықта ғұмыр кешіп келеміз. Жәмі қазақтың ұрпағы болғандықтан, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, салт-дәстүрімізден, әдет-ғұрпы-

мыздан қара үзіп қалмауды өзіміздің басты қағидамыз, міндетіміз һәм парызымыз деп білу – бәріміздің мақсатымыз болғаны жөн. Бұл жағынан да жетістіктеріміз бар екенін жоққа шығаруға болмайды. Біздегі ақсақалдық институттың атқарып жатқан қызметі



ағайын арасындағы бірлік пен тірліктің тұрақты болуына ықпал ететінін біз ғана емес, қалаға келіп-кетіп жүрген қонақтардың да аузынан ризашылықпен тілге алынууда. Бұған қуанып қаламыз. Осы қалпымыздан таймасак екен деп тілейміз.

Бүгінгі әңгіме бағытын тағы да қаралы дастарқан тақырыбына бұруға мәжбүрмін. Себебі қала мешітінің асханасында өтетін марқұмның жаназасы, қыркы, жүзі және жылдық асындағы дастарқан мәзірі үнемі газетке, әлеуметтік желілерге жазып, талқылау, кеңесудің арқасында осыдан біраз жыл бұрын қалыпқа келіп, бір жүйеге түскен болатын. 2019-жылдан басталған COVID-19 жұқпалы дертінің кесірінен өзге тамақтану нысандары қатарлы мешіт асханасына да қазаға байланысты жанындар өткізуге тиым салынды. Садақа-құдайы тамақтарды жұрт өз үйлерінде өткізуге

мәжбүр болғаны рас. Міне, сол кезден бастап біраз адамдардың қаралы дастарқанды той-томалақ дастарқынына айналдыра бастағанына өзіміз де куәміз. Олардың ең басты сылтауы, негізінде қателігі – қазаға көңіл айтуға немесе құдайы асқа келген адамдардың жайған дастарқан мен үстіне қойылған тағамға сын тағып, күліп кетеді, деген жалған намыс, ұшқары ойдың жетегінде кетуі және жаны ашымайтын біреулердің сөзіне еруі...

Шындығын айтқанда, той дастарқаны мен қаралы дастарқанның арасында аспан мен жердей айырмашылық болуы тиіс. Қуанышқа келген қонақ қалай ішіп-жесе де, қалай көңіл көтерсе де жарасымды. Ал, қайғыдан қан жұтып отырған шаңырақтың дастарқан мәзіріне көз салып, оны сынап-мінеуге қандай адамның, мұсыманның дәті барады? Және де қаралы үйге келетіндерді бәрі сол үйдің ағайы-туысы, құда-жекжаты, достары мен көңілі дұрыс жақындары емес пе? Олардың дастарқандағы тағамға көңілі толмай, сынап-мінеп кетеді дегенге өз басым мүлде сенбейді екенмін. Себебі, оларды да өзім сияқты ойланады деп есептеймін. Біреу-жарым таяз ойлайтын адамдардың үй иелерін азғырып, «Дастарқаныңды дұрыста, марқұмның әруағы риза болысын, келген жұрт күліп кетпесін...», - дейтін теріс сөздеріне еріп, дастарқандарын жайнатуға дейін баратын жандардың бар екені өкінішті, әрине. Жылып-сықтап, қайғыға батып отырған жерде адамға ас бата ма, алдыға қойылған түрлі-түсті тағамнан талғамай жей аласың ба?.. Әсіресе жас жандардың құдайы асына қойылған дәмнен ауыз тигеннің өзінде, тамағыннан тас өткендей күйде боласың ғой... Сонда

Көппен көрген – ұлы той!

столды қайыстырған тағам-дәмдер мен пісірілген мол тамақ ысырап болмағанда, не болады?! Әрі дәл осы кездегі қымбатшылық пен жетіспеушілік тамақтан бұған заманда бекерге шығынданып, балашағаның болмашы несібесін далаға шашқанандай етудің, ысыраптың қандай қажеті бар? Қоқыс төгілетін тағамдардың обалы кімге?.. «Мешіт Алланың жердегі бір үйі, марқұмға арналған ас Құдайдың жолына берілетін ас...», - деген сияқты сөздерді жиі айтатындар, беріліп жатқан ас-ауқатқа Алла да, әруақ та мұқтаж емесін, әруаққа тиітіні тек құран ғана екенін неге жете түсінбейді. Ішіп-жемнің аста-төк болғанын әруақ көрмейді, білмейді де, керісінше шын ниетің мен оқытқан құраның тиетінін жадымыздан шығармасак екен.

Біздің қаладағы ауызбіршілікке, сыйластыққа, үлкеннің алдын кесіп өтпейтін тәрбие-тәртіпке, жастардың құдайы тамаққа келмейтініне, ақсақалдардың қоғамдағы орнының бар екеніне сырт көз – қонақтардың осы кезге шейін қызға қарап, ризашылықтарын білдіріп отыратынын білеміз. Осынау қалпымыздан таймау үшін әлі де әрекет ете беруге тиіспіз. Келесіп пікен тонның келте болмасы анық. Көптен шыққан адам, далада қалады. Тәртіпке бағынбаған, абыройдан айрылады. Сөз соңында айтарым, мешіт имамы бұрынғыдай құдайы астардың ас мәзірінің тізімін жасап, мешіт есігіне іліп қойса және бұндай шараларды өткізуге тапсырыс бергендерге ескертіп отырса дейміз. Оған келіспегендер тойхалалар мен дәмханаларға бара берсін!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Коронавирус

ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Марат Шоранов «омикрон» коронавирусының жаңа штамы анықтау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс туралы айтты, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Бүгінгі таңда Қазақстанда «омикрон» штамы анықталған жоқ, вирусты жүйелеу бойынша жұмыстар жалғасуда, біз бұл жұмысты тұрақты негізде жүргізіп келеміз. Бүгін Үкімет отырысында қосымша шешім қабылданды - осы штамдарды секвенациялау жұмысын жалғастыру және жандандыру. Нәтижелерді жақын арада, желтоқсанның үшінші онкүндігінде, осы рәсімдердің ұзақтығын ескере отырып білетін боламыз», деп түсіндірді Марат Шоранов. Марат Шорановтың айтуынша, «омикрон» штамы ПТР сынақтарына сезімтал, ол

ҚАЗАҚСТАНДА «ОМИКРОН» ШТАМЫ АНЫҚТАЛҒАН ЖОҚ – ДСМ

тез анықталды. «Бұл күнделікті ПТР тесілеуі барлық науқастарда жаңа штаммы бар жоғын анықтайды дегенді білдіреді. Штамы анықтау үшін вирустың секвенациясы туралы қосымша зерттеу жүргізу керек, бұл өте көп уақытты қажет ететін процесс. Оған шамамен 2-4 апта кетеді. Сондықтан біз бұл жұмысты бастадық, желтоқсан айының соңында Қазақстан аумағында айналымдағы штамдардың түрлері туралы толық көрініс болады», деп атап өтті бірінші вице-министр. Ол денсаулық сақтау министрлігінде жаңа штамы емдеу туралы хаттама бар ма деген сұраққа да жауап берді. «Коронавирустық инфекцияны емдеу хаттамасы біреу. Ол штамдарға бөлінбейді, сонымен бірге осы штамының клиникалық белгілері туралы толығырақ ақпарат алу қажет. Вирус мутацияға

ұшырайтыны түсінікті. Қазіргі құлдырауға қарамастан, әрине, біз бұл вирустың өзгеруі



мүмкін екенін түсінеміз. Бұл тіпті соңғы мутация болмауы мүмкін. Біз хаттамаға

тиісті түзетулер енгіземіз, бірақ бастысы - вакцинация мәселелерін, қолданыстағы вакциналардың тиімділік дәрежесін зерттеу. Тиісінше, бұл қосымша уақытты қажет етеді», деді Марат Шоранов. Бұған дейін хабарланғандай, «омикрон» коронавирустық инфекция штамының жаңа нұсқасының пайда болуын ескере отырып, оны республика аумағына әкелуге жол бермеу мақсатында ведомствоаралық комиссияда ағымдағы жылдың 3 желтоқсанынан бастап Ботсвана, ОАР, Лесото, Намибия, Зимбабве, Мозамбик, Малави, Мадагаскар, Эсватини, Танзания және Гонконгтан шетел азаматтарының ҚР-ға кіруіне шектеу енгізу туралы шешім қабылданды.

Ақпарат көзі: Egemen Qazaqstan



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2012 ЖЫЛҒЫ 10 СӘУІРДЕГІ № 5/38 «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫНА ТҮРҒЫН ҮЙ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЯ В РЕШЕНИЕ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 10 АПРЕЛЯ 2012 ГОДА № 5/38 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПРАВИЛ О РАЗМЕРЕ И ПОРЯДКЕ ОКАЗАНИЯ ЖИЛИЩНОЙ ПОМОЩИ НАСЕЛЕНИЮ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» № 2314 қаулысына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 5/38 «Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-4-278 болып тіркелген, 2012 жылғы 11 мамырдағы № 18 (251) «Приозерский вестник» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

керсетілген шешіммен бекітілген Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ережесінде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-тарау. Жалпы ережелер»;

1-тармақта:

9) және 15) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«9) аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

15) шекті жол берілетін шығыстар үлесі – аз қамтылған отбасының (азаматтың) бір айда кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдалануға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің аз қамтылған отбасының (азаматтың) жиынтық кірісіне проценттік қатынасы;»;

2, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен, Приозерск қаласының аумағындағы тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған тұрғынжайда тұрақты тіркелген және тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық көрсетілетін қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде көрсетілетін байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге арналған шығыстарға ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органдар белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жеткізушілер ұсынған ай сайынғы журнал туралы шоттарға және шығыстар сметасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді органдары айқындайды.

Отбасының шекті жол берілетін шығыстарының үлесі отбасының жиынтық табысына қарай 6% мөлшерінде белгіленеді.»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Тұрғын үй көмегін көрсету нормативтерін анықтау»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Тұрғын үй көмегін тағайындау»;

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Тұрғын үй көмегін беру мерзімдері мен мерзімділігі»;

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-тарау. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі»;

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«6-тарау. Тұрғын үй көмегін төлеу».

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат хатшысы

Б. Сарсембеков

Секретарь городского маслихата

Б. Сарсембеков

"Если вы хотите, чтобы жизнь улыбалась вам, подарите ей сначала свое хорошее настроение"

Б. Спиноза

ЦИТАТЫ МУДРЫХ О ЖИЗНИ

"Единственное правило в жизни, по которому нужно жить — оставаться человеком в любых ситуациях"

Аристотель

"Живи так — чтобы люди, столкнувшись с тобой, улыбнулись, а общаясь с тобой, стали чуточку счастливее"

Марк Твен



Жемқорлық – жесікүрт

Жемқорлық жайында осыдан мыңдаған жылдар бұрын жазылса да содан бері талай заман өзгеріп, әлем дамуы ілгерілесі де, пара берушілер мен алушылар қатары көбеймесе, азайған емес. Жемқорлық бұл – індет. Себебі, жемқорлық – мемлекетіміздің беделіне, ұлттық қауіпсіздігіне, экономикалық дамуына, адам құқықтарының сақталуына үлкен қауіп төндіреді және де ол елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелеріне кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты, елімізде сыбайлас жемқорлықпен күреске жалпы мемлекеттік саясат мәртебесі берілген, оны жүзеге асыру бойынша ұйымдастырушылық және құқықтық іс-шаралар жалпы жүйелік және кешенді сипатқа ие болып отыр.

Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін айтарлықтай төмендетіп, заңсыз ақша айналымын тоқтатуға бағытталған іс-қимылдардың елеулі табыстарға жеткізгендігін Сингапур, Гонконг, Швеция мемлекеттері дәлелдеді. Бұл мысалдар «дертті» емдеуге болатынын, сыбайлас жемқорлықпен күрес тәсілдерінің бар екендігі және принципті әрі жүйелі сипатқа ие болған жағдайда, олардың айтарлықтай тиімді болатынын дәлелдей алды.

Осыған сәйкес, 1998 жылдың 2 шілдесінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы қабылданып, онда сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік органдар басшыларының, ел азаматтарының міндеті екендігі атап көрсетілді. Аталмыш заң

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҮРУ – ҚАЗЫНАШЫЛЫҚТЫҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамсыз етуге,

қарсы күрес туралы» Заңымен қатар Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев сыбайлас жемқорлықпен күрес бағдарламасын бекітті. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – сыбайлас


мән беріліп отыр.

Бүгінгі таңда, мемлекетте сыбайлас жемқорлыққа ұйымдасқан жер саласындағы ең басты назары экономикалық даму процестерінің басқарылуына, ұйымдық-құрылымдық буындардың тиімді жолдарына, ішкі өзін-өзі бақылау жүйесін құруға және жемқорлықпен байланысты қылмыстылықты тазартуға аударылып отыр. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты - оның алдын алуы, яғни, оның себептері мен шарттарына ықпал жасалуы.

Бұл ретте, Приозерск қалалық қазынашылық басқармасы тарапынан жемқорлықтың алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс атқарылууда, Басқарма қызметкерлерімен бірге семинарлар, техникалық оқуылар өткізіледі, басшылар тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбында тұрақты түрде нұсқаулық жүргізіледі. Сонымен қатар, басқарма ғимаратында азаматтардың өтініштеріне және арыздарына арналған жәшік орналастырылған. Осылайша біздің ұжым сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте табандылық көрсетіп, еліміздің нығайтып, гүлдену жолында, өзіне жүктелген барлық міндеттерді абыроймен атқарылуына бар күшін салмақ.

Т. Манаков,

Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының басшысы



жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Бұл Заңның ең басты міндеттерінің бірі, қоғамымыздың барлық саласына дендеп еніп бара жатқан жемқорлықтың жолына батыл тоқсауыл қойып, олардың зардаптарын жою және мүдделілерді жауапқа тарту болып табылады.

Сондай ақ, «Сыбайлас жемқорлыққа

жемқорлыққа белсене қарсы тұру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесін одан әрі жетілдіру. Аталған бағдарламада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мемлекеттік органдардың жауапкершілігін ұлғайтуға да, биліктің барлық тармақтары мен азаматтық қоғам институттарының бұл мәселені шешудегі әлеуметтік әріптестігіне де баса



СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ



ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ



«Приозерск қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ «Аппарат Приозерского городского маслихата» 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

«Приозерск қаласының әкім аппараты» ММ сенім телефоны 5-41-97

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап, Аппарат басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл-апта сайын бейсенбі күндері сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Аппарат Акіма города Приозерск» 5-41-97

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акіма (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов. Руководитель аппарата, уполномоченный по этике - еженедельно по четвергам с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту

бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі күні сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ сенім телефоны 5-38-76

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» 5-38-76

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

График приема граждан руководителем отдела ежедневно, с 16.00 часов.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-38-70.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-38-70.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-92

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел образования города Приозерск» 5-32-92

График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99, 5-33-81

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99, 5-33-81

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – Пятница с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нін сенім телефоны 5-40-95.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-40-95.

Личный прием граждан руководителем еженедельно по понедельникам с 17.00 часов

«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-24-87

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск» 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

«Приозерск қаласының санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны тел: 5-27-27, факс: (871039) 5-41-13

Телефон доверия республиканского государственного учреждения «Приозерское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля» тел: 5-27-27, факс: (871039) 5-41-13

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107 Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сағпаева 15, Заказ № 48/744. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041